

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 шілдедегі N 620 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1116 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертуі. Бұл қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 9, 69-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесінде:

3-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының судьялары үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына судьяның ай сайынғы кірісінің он пайызы мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары республикалық бюджет қаражаты есебінен қосымша белгіленеді.";

3 - 1 - т а р м а қ т а :

екінші және үшінші абзацтардағы»"он бесі" деген сөздер "жиырмасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы»"есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесі күнінен кешіктірмейтін мерзімде" деген сөздер»"Салық кодексінде көзделген мерзімде" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-1-тармақ "34)" деген сандардан кейін», 41)" деген сандармен толықтырылсын;

10-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке нотариустар өз пайдасына өз

қызметкерлерінің міндетті зейнетақы жарналарының және кірісінен ұсталған сомаларын аудара отырып (банкке қолма-қол енгізе отырып), төлем құжаттарында Орталықтың деректемелерін, ал оларға қоса берілетін тізімдерде өзі және қызметкерлер туралы мәліметтерді (әлеуметтік жеке кодын, тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, жарналардың сомалары мен міндетті зейнетақы жарналары төленіп отырған кезеңде (айын, жылын) көрсетуі тиіс.";

15-1-тармақтың екінші абзацындағы»"келісетіні туралы" деген сөздерден кейін»"нотариалды куәландырылған" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың үшінші және төртінші абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*